

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№1 хаттама

Күні: 22.09.2023ж.

Қатысқаны: 41 педагог

Күн тәртібінде:

- Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын бекіту.
- Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы туралы.
- Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары.
- Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңес отырысының бірінші мәселесі бойынша төрағасы П.М.Кадирова 2023–2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспарын таныстырды. Жұмыс жоспарына тәрбиеленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайтуға қолдау көрсету, ата-аналармен және жұртшылықпен өзара іс-қимылды дамыту, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және тәрбие-білім беру процесінің сапасын арттыруға бағытталған іс-шаралар енгізілгені туралы хабарлады. Кеңес мүшелері ұсынылған жұмыс жоспарын талқылап, жоспарланған іс-шаралардың өзектілігін атап өтті және оны бекітуді ұсынды.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі П.М.Кадирова жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары туралы ақпарат берді. Балабақшада топ бөлмелерінің, оқу кабинеттерінің, ас блогының, медициналық кабинеттің және аумақтың санитарлық жағдайы тексеріліп, қажетті жөндеу және абаттандыру жұмыстары жүргізілгені айтылды. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін қажетті жиһаздармен, оқу-әдістемелік құралдармен, ойыншықтармен және көрнекі материалдармен қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілгені хабарланды. Сонымен қатар, тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында өрт қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар және еңбек қауіпсіздігі бойынша қажетті шаралар қабылданғаны атап өтілді. Балабақшаның педагогикалық ұжымы жаңа оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын әзірлеп, бекіткендігі туралы ақпарат берілді.

Үшінші мәселе бойынша - балабақшада тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өрт қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық талаптар, терроризмге қарсы қорғаныс, жол-көлік қауіпсіздігі және еңбек қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралар жүзеге асырылуда. Топ бөлмелері мен ойын алаңдарының техникалық жағдайына тұрақты бақылау жүргізіліп, қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмейтін жабдықтарды пайдалануға жол берілмейтіні атап өтілді.

Сонымен қатар, қызметкерлермен қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар өткізіліп, төтенше жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері түсіндірілгені туралы ақпарат берілді. Тәрбиеленушілермен қауіпсіз мінез-құлық ережелерін қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде.

ҚАУЛЫ ЕТТІ

6. Қамқоршылық кеңестің 2023–2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары бекітілсін.
7. Балабақшаның жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылсын.
8. Тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстар тұрақты бақылауда ұсталсын.
9. Ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастықты нығайтуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.

10. Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне және қамқоршылық кеңес төрағасына жүктелсін.

Кеңес төрағасы:
Кеңес хатшысы:



П.М.Кадирова
А.К.Жамантаева

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№2 хаттама

Күні: 24.01.2024ж.

Қатысқаны: 38 педагог

Күн тәртібінде:

5. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы туралы.
6. Ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту және нығайту мәселелері.
7. Балабақшаның материалдық-техникалық базасын жетілдіру бойынша жұмыстар.
8. Әртүрлі мәселелер.

Бірінші мәселе бойынша балабақша әдіскері А.Т.Атыгаева балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы туралы баяндама жасады. Оқу-тәрбие процесі мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сәйкес жүзеге асырылып жатқанын атап өтті. Балабақшада тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен жеке қабілеттері ескеріліп, олардың жан-жақты дамуына қолайлы жағдайлар жасалған. Педагогтер перспективалық жоспар мен циклограммаға сәйкес оқу қызметін ұйымдастырып, тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Оқу-тәрбие процесінде заманауи педагогикалық технологиялар, ойын әдістері және дамытушы орта тиімді қолданылып келеді. Сонымен қатар, балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету және салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында түрлі сауықтыру шаралары ұйымдастырылуда. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатылып, балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты бірлескен жұмыстар жүргізілуде. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және тәжірибе алмасу жұмыстары да жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Екінші мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасының уақытша міндетін атқарушы балабақшаның қызметін жетілдіру, тәрбиеленушілерге қолайлы жағдай жасау және мекеменің материалдық-техникалық базасын нығайту бағытында Қамқоршылық кеңес тарапынан атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді. Кеңес мүшелері балабақшаның дамуына қолдау көрсету, ата-аналар қауымдастығымен және жергілікті қоғамдастықпен өзара ынтымақтастықты нығайту, балалардың сапалы білім мен тәрбие алуына жағдай жасау мәселелерін талқылады. Сонымен қатар, балабақша аумағын көркейту, қауіпсіздігін арттыру және тәрбиеленушілерге қолайлы орта қалыптастыру бойынша ұсыныстар енгізілді.

Қаулы етті:

6. Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы қанағаттанарлық деп танылсын.
7. Оқу-тәрбие процесінің сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.
8. Тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау бойынша жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін.
9. Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылсын.
10. Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту және бірлескен іс-шараларды көбейту жұмыстары жалғастырылсын.

Кеңес төрағасы:
Кеңес хатшысы:



П.М.Кадирова
А.К.Жамантаева

Қамқоршылық кеңес отырысының хаттамасы
№3 хаттама

Күні: 15.04.2024ж.

Қатысқаны: 40 педагог

Күн тәртібінде:

5. Балабақшадағы қаржылық қаражаттың жұмсалуды туралы ақпаратты қарау.
6. Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту бойынша атқарылған жұмыстар.
7. Балабақша мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру.
8. Әртүрлі мәселелер.

Кеңес отырысының бірінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі П.М.Кадирова мекеменің қаржылық қаражатты пайдалану туралы есебін ұсынды. Есепте есепті кезең ішінде бөлінген бюджет қаражатының мақсатты және тиімді жұмсалуды туралы ақпарат берілді. Атап айтқанда, қаражаттың бір бөлігі тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға қажетті оқу-әдістемелік құралдар мен көрнекіліктерді сатып алуға, материалдық-техникалық базаны нығайтуға, шаруашылық қажеттіліктерге және санитарлық-гигиеналық талаптарды орындауға жұмсалғаны айтылды. Сонымен қатар, балабақша ғимараты мен аумағын күтіп ұстау, ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, коммуналдық қызметтерді төлеу және тәрбиеленушілер үшін қолайлы жағдай жасау мақсатында қажетті шығындардың орындалғаны туралы мәлімет ұсынылды. Қамқоршылық кеңес мүшелері ұсынылған ақпаратпен танысып, қаржылық қаражаттың мақсатты жұмсалудына қатысты сұрақтарын қойып, тиісті жауаптар алды.

Кеңес отырысының екінші мәселесі бойынша балабақшаның медицина қызметкері Г.Ш.Рахимова тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында жүргізілген жұмыстар туралы ақпарат берді. Есепті кезеңде тәрбиеленушілердің денсаулық жағдайына тұрақты бақылау жүргізіліп, профилактикалық медициналық тексерулер ұйымдастырылды. Балалардың күн тәртібінің сақталуына, дұрыс тамақтануына, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуына және дене белсенділігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Тәрбиеленушілердің иммунитетін нығайту мақсатында сауықтыру іс-шаралары, серуендер, дене шынықтыру сабақтары, қимылды ойындар және шынықтыру шаралары жүйелі түрде өткізілді. Сонымен қатар, жұқпалы аурулардың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, санитарлық талаптардың сақталуына бақылау жасалды. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында қауіпсіздік ережелері бойынша оқу іс-шаралары өткізіліп, ата-аналарға салауатты өмір салтын қалыптастыру жөнінде кеңестер берілді.

Қамқоршылық кеңестің үшінші мәселе бойынша балабақша мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты жетілдіру бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы баяндама жасады.

Балабақшада ата-аналармен өзара байланыс ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, ашық есік күндері, мерекелік іс-шаралар және бірлескен жобалар арқылы жүзеге асырылатыны атап өтілді. Ата-аналардың оқу-тәрбие процесіне қатысуы балалардың жан-жақты дамуына оң әсер ететіні айтылды. Сонымен қатар, ата-аналарды балабақша өміріне белсенді тарту, олардың ұсыныстары мен пікірлерін ескеру, бала тәрбиесіне қатысты өзекті мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажеттілігі талқыланды. Балабақша мен отбасы арасындағы серіктестік қарым-қатынасты нығайту тәрбиеленушілердің тәрбиесі мен дамуының тиімділігін арттыруға ықпал ететіні атап өтілді.

Қаулы етті:

6. Балабақша мен ата-аналар қауымдастығы арасындағы ынтымақтастықты нығайту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
7. Ата-аналарды оқу-тәрбие процесіне және балабақша іс-шараларына белсенді қатыстыру қамтамасыз етілсін.
8. Ата-аналармен кері байланысты жетілдіру және олардың ұсыныстарын ескеру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
9. Отбасылық тәрбие мәселелері бойынша консультациялар, семинарлар және кездесулер ұйымдастырылсын.
10. Балабақша мен ата-аналар арасындағы өзара түсіністік пен серіктестік қатынастарды дамытуға бағытталған іс-шаралар жоспары әзірленсін.

Кеңес төрағасы:

Кеңес хатшысы:



П.М.Кадирова

А.К.Жамантаева